

Құрметті қазақстандық, қырғызстандық театр сүйер қауым және әуесқой театр актерлері,

Қазақстандағы Гёте-Институт Академиялық Неміс Театрының қолдауымен «Неміс тілі сахнада» атты 5-ші жастар Театр фестивалін ұйымдастырады.

Биылғы фестиваль ұраны:

Z ұрпағы & Corona: 2020 жылы жас болудың мәні неде?

Фестивальға қатысу үшін сіздерге мынадай тапсырма беріледі:

1. Неміс тіліндегі бір (классикалық не заманауи әдебиеттен алынған) мәтіннің, театр қойылымының не бір (классикалық не заманауи) фильмнің негізінде фестиваль тақырыбына арналған музыка және актерлық ойын элементтері бар немісше өз бейне-перформанстарыңызды/ қысқаметражды фильмдеріңізді түсіріңіздер.
2. Видеоматериалдарыңыз, ең кемінде, 10 және, ең ұзағы, 20 минут болса болады.
3. Театр тобының құрамында, ең көбі, (режиссер мен техникті қоса санағанда) сегіз адам болуы керек.
4. Алғашқы дайындықтардан кейін бізге өз идеяларыңызды, тақырыптарыңызды және топтарыңызды сипаттайтын жазбаша жоба, бейне-трейлер не қысқаша бейнебаян жіберулеріңізді өтінеміз.
Өтінімдеріңіздің негізінде қазылар алқасы фестивальға қатысу мүмкіндігі туралы шешім қабылдайды. Театр фестиваліне бұрын қатысқан топтардың бұл жолы құрамында басқа актерлердің көбірек болуы тиіс екені естеріңізде болсын.
5. Қойылымды көрсетуге қатысты барлық сұрақтарыңызды кеңесші Наташа Дубсқа жіберіңіздер (ndubs@gmx.de).

Фестивальға 13 пен 20 жас аралығындағы неміс тілін үйренгісі келетін барлық әуесқой актерлер (оқушылар мен студенттер тобы) қатыса алады.

Театр фестивалі **шамамен 5 – 8 қараша аралығында, 2020 жыл, онлайн форматта** өтеді. Нақты уақыты қосымша хабарланады.

Театр фестиваліне қатысу туралы өтінімдеріңізді **30 қыркүйек 2020 ж. дейін** Анна Мельникке (anna.melnik@goethe.de) жіберіңіздер. Таңдаудан өткен топтарға 5 қазан 2020 ж. дейін хабар береміз. Таңдаудан өткен қатысушылар өздерінің фильм материалдарын 01 қарашаға дейін әзірлеп, фестиваль кезінде көрсететін болады.